

**Ақтөбе қаласындағы № 34 орта мектебі  
«Жас мамандар» мектебінің жұмысы туралы жылдық  
ТАЛДАУ**

Жылдағы үрдіске сәйкес 2023-2024 оку жылында «Жас мамандар» мектебінің жылдық жұмыс жоспары құрылды Жоспарға сай жыл басында жас мамандар анықталып, оларға тәжірибелі мұғалімдерден тәлімгер-мұғалім бекітілді. Биыл мектебімізде 7 жас маман жұмыс жасауда.

№	Жас маманның аты-жөні	Туган жылы	Бітірген оку орыны	Мамандығы	Еңбек отілі	Бекітілген тәлімгер	Тәлімгердің санаты
1	Балуанова Диляна Жандырхановна	20.07.03	Ақтөбе гум.колледжі	Бастауыш білім беру	1 жыл	Утарбаева Клара Булатовна	Педагог-зерттеуші
2	Жасанова Ақнисет Галижанқызы	29.03.96	Қ.Жұбанов ат.АӘМУ	Бастауыш білім беру	1 жыл 3 ай	Жусипова Тилектес Муханбетжановна	Педагог-зерттеуші
3	Шаңдыбай Молдір Есепкізы	15.05.00	М.Отемісов ат.Батыс Қазақстан унив.	5В011200-химия	2 жыл 2 ай	Турикпенбаева Алтынгүль Тегінбасенбаева	Педагог-модератор
4	Алпамыс Нұрсөзім Алпамысқызы	27.04.02	Ақтөбе гум.колледжі	«Кітапхана ісі» 0401000	3 жыл	Есекенова Айжан Курманалиевна	Педагог-зерттеуші
5	Қантөре Алтынай Темірханқызы	17.05.1999	М.Акмұлла атындағы БМПУ	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Биыл	Карашолақова Жайнагул Сисентайқызы	Педагог-зерттеуші
6	Кенжебаева Махаббат Елибаевна	14.02.2004	Ақтөбе Ж.Г.Гум.колледжі	Педагог-мәдени шаралар үйымдастыруши, би ұжымының жетекшісі	Биыл	Абдраухова Жайнагуль Жүгінисовна	Педагог-зерттеуші
7	Зинолла Айдана Болатқалиқызы	18.07.2000	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өнерлік университеті	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	2 жыл	Какенова Каламкас Гельманқызы	Педагог-зерттеуші

Мектепке алғаш келген жас мамандар тәлімгерлерімен таныстырылып, жас мамандардан анкета алынды. Жыл бойы жүргізілетін жұмыстармен таныстырылып, тәжірибелі мұғалімдерге семинар –тренинг, коучинг, практикумдар қойылды. Әр тәлімгер ұстаз жас мамандарға жоспар құрып жұмыстар жүргізілді. Жоспарға сай қойылған «Жас маманның – кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тәлімгер – ұстаздың рөлі», «Жас педагогтың кәсіби өсуіне және шығармашылық дамуына жағдай жасауды жетілдіру» тақырыбында отырыстар, іс-шаралар уақытылы өткізілді.

#### **Жас мамандар мектебінің құру мақсаты:**

Кәсіби бейімделуде жаңадан жұмысын бастаған мұғалімге көмек көрсету;

Үздіксіз өз білімін көтеруде жас мұғалімдердің қажеттіліктерін қанагаттандыру;

Жас мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсете отырып, өмір талағына сай өркениетті бет алған жаңалыққа жаңы жақын, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын теорияны практикамен ұштастыра біletін, білімді және жан-жақты педагог ретіндеге қалыптастыру, өзіндік шығармашылық стилін қалыптастыру.

Жас мамандарға сынып журналдарының жүргізудің, оқушылардың дәптерлері құнделіктерін, жеке іс-қағаздарын жүргізуін және тексерудің талаптары мен таныстыру мақсатында өз тәлімгерлерінен көмектер үйымдастырылды. Жылдық

жұмысын жоспарлау күнделікті сабак жоспары сабак түріне сәйкес оқытудың тиімді күралдары мен әдістері туралы жан-жақты педагогикалық түсінік берілді.

Осы жұмыстармен бірге жас мамандардың оқу-тәрбие ісі жөніндегі құжаттарын жасауға көмектесу соның ішінде басты назар құнтізбелік жоспар, сабак жоспары, тәрбие ісі жоспары, өз білімін жетілдіру жоспары, пән кабинетінің жоспары, өзара сабакқа қатысым жоспары туралы болды.

Жаңартылған білім мазмұна орай ББЖ және ТЖБ құру және оның ерекшеліктері түсіндірілді. Жас мамандардың сабагына мектеп әдіскері, тәлімгерлері қатысып әдістемелік көмек берді, түрлі білім сайыстарына қатысуға бағыт бағдар берілді.

Әрбір жас маман жеке іс-қағаздарын дайындаған папка жасақтады.

Әр жас маман өздерінің әдістемелік бірлестік мүшелерімен тығыз байланыста болып, ӘБ апталықтарына белсене қатысада. Өз сыныптары бойынша ашық сабактар, сыныптан тыс жұмыстар үйымдастыруды.

Жоспарға сәйкес жас мамандар мектебі сәуір айында «Жарқыра, жаса, Жас маман!» тақырыбында апталық үйымдастырылды. Апталықтың жұмыс жоспары жас мамандармен біріге отырып, окушыларға қызықты болатындей етіп, түрлі іс-шаралар түрінде қурылды. Жас мамандар жоспарға сәйкес өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындады. **22.04.2024**ж күні апталықтың «Жарқыра, жаса, Жас маман!» тақырыбында ашылу салтанаты үйымдастырылды. Ашылу салтанатында жас мамандар тәжірибелі ұстаздарға алғыстарын айттып, ән шырқады. Апталықтың жүргізілу жоспары таныстырылды. Апталықтың алғашқы күнінен бастап, әрбір ұзақ қонырауда «Көңілді қоныраулар» ойындар түріне үйымдастырылды. **23.04.2024**ж күні жас мамандар Алпамыс Нұрсезім мен Жасанова Ақнегеттің үйымдастыруымен «Өз шеберлігінді шында» тақырыбында мектептің мұғалімдері арасында пәндері бойынша рөлдік ойындар сағаттары өткізілді. Үйымдастырушылар көптің көнілінен шыққан, есте қалған фильмдер «Тақиялы періште» мен «Менің атым Қожа» үзіндісін таңдал, екі топқа сол фильмдердің актерларын бөліп алу ұсынылды. Рөлдік ойыннан бөлек қызықты жасырын суреттер, тренингтер үйымдастырылды. Өткізілген іс-шара жогары деңгейде өтті. «АРТТерапия» жаттыгулары, «Кім жылдам?» ойындары ұзақ қонырауларда өткізілді. **24.04.2024**ж күні жас мамандар Балуанова Дильназ бен Шандыбай Мөлдір «Ептілер мен күштілер» атты мектебіміздің ұстаздарымен спорттық сайысы өткізді. Сайысқа мектеп мұғалімдерінен құралған төрт команда қатысты. Жалпы ойын 8 бөлімнен тұрды. Әр түрлі тартысты ойындар, жылдамдық ойындары, білім сұрақтары қойылып, қызықты ойын болды. Барлық мұғалімдер белсене қатысып, ойын соңында жеңімпаз топтар анықталып, марарапатталды. Осы күні ұзақ қонырауда «Дойбыбат» ойыны үйымдастырылды. **25.04.2024**ж күні жас мамандар Зинолла Айдана мен Қантөре Алтынай «Шығайық білім шынына» тақырыбында 7 «А» клас окушыларымен интеллектуалды ойыны үйымдастырды. Ойынға екі топ қатысты. Түрлі логикалық сұрақтар, үш тілге аудару тапсырмалары, мақалды жалғастыру, пәндік сұрақтар қамтылды. Окушылар ұяшықтар таңдау арқылы үпай жинаған топ жеңімпаз атанды. «Түстер әлемі» қызықты ойыны да осы күнгі ұзақ қонырауда окушылардың көнілін көтерді.

**26.04.24ж** күні «Бірлігіміз жарасқан, біз Жас маман!» тақырыбында жас мамандар арасында патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылды. Байқауга жас мамандар өздеріне мектеп мұғалімдері арасынан жұп таңдал 4 жұп қатысты. Мұғалімдер 1,7,9 мамыр мерекелеріне қатысты патриоттық әндерден ән шырқады. Бас жүлдені жас маман Шандыбай Мөлдір жұбы Ахметова Айгерім апайымен иеленді. 9-11 класс оқушыларымен «Ғылымға апарар жол» тақырыбында сұхбат ұйымдастырылды. Сұхбаттың мақсаты – алдағы уақытта оқу орнына түсем деген оқушылардың мамандық таңдаудағы себебі, болашаққа қажетті мамандықтар маңызын ұғындыру болды. Мектеп психологтары жас мамандардың достық қарым-қатынасын нығайту, ұжыммен арақатынасты күшету мақсатында «Мен және менің ұжымым» тренинг сағаттарын ұйымдастырыды.

**Алдағы уақытка қойылатын міндеттер:**

- Жас маманның қажеттілігін үздіксіз қалыптастыруды жалғастыру, жаңа түрлерімен менгеру, әдіс-тәсілдерімен оқыту және тәрбиелеу, үйрету.
- жас маманга дұрыс жол бағыттау, оқушылармен жұмыс істеу деңгейінде әртурлі ынталандыруды қамтамасыз ету; оқушылардың сабак барысында рефлексия мен өзін-өзі бақылауын ұйымдастыруына көмек көрсету.

ЖММ жетекшісі:  Сагынбаева Г.М